ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ "ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 01-69
«28» 05 2025 ж.

«ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС
Тараз қаласы,
Төле би даңғылы, 42А

Тараз қаласы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу бөлімінің шағымдарын қарауға жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі-лауазымды тұлға), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 ж. №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 590 - тармағына сәйкес, осы мемлекеттік сатып алуға қатысушы «ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС-нің (бұдан әрі – өтініш беруші) № 14616987-2, лот № 76208407-ОК1, 76208197-ОК1, 76207231-ОК1, 76202847-ОК1 «Тротуарларды ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу» бойынша конкурсының қорытындысына мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 23.05.2025 ж. № 258183 тіркелген шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қарап, келесідей хабарлайды.

Әлеуетті өнім беруші "Мерей Строй Инвест" ЖШС-сі конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасында (құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және критерийлер туралы мәліметтер) «Қуаты 4 кВт дейінгі жылжымалы электр станциялары» материалдық ресурсын мәлімдеген. Растаушы құжаттар ретінде шот-фактураның электрондық көшірмелері және тауарларды босатуға арналған жүкқұжат тіркелген.

Алайда, ҚР заңнамаларына сәйкес мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жататын жылжымалы құрылыс машиналарында, механизмдерде және автокөлік құралдарына, сондай-ақ Тракторларда және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, өтімділігі жоғары арнайы машиналарға

меншік құқығын растайтын құжаттармен ретінде оларды мемлекеттік тіркеу және есепке қою туралы тиісті құжаттар болуы қажет.

Осылайша, шағымның бұл бөлігіндегі дәлелдері өз растауын тапты.

Әрі қарай, әлеуетті өнім берушілер өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарды зерделей келе, «пневмокөлік жүрісіндегі бір шөмішті дизельді экскаваторлар 0,5-тен 0,65 м3 жоғары, салмағы 10-нан 13 тоннаға дейін шөміш Жамбыл облысында тіркелуі тиіс, Салмағы 16 тоннадан аспайтын пневмокөлік жүрісіндегі өздігінен жүретін жол роликтері Жамбыл облысында тіркелуі тиіс» материалдық ресурстарының біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Шағымның бұл бөлігіндегі дәлелдері қанағаттандырылуға жатпайды, себебі конкурстық комиссияның шешімі растаушы құжаттарсыз шағым берушінің пайымдары мен субъективті пікіріріне негізделе алмайды.

Әлеуетті өнім беруші «Успехком» ЖШС конкурстық құжаттаманың 11-қосымшаның «еңбек ресурстары» бөлімінде «Автокран машинисі» талап етілетін материалдық ресурс бойынша 2 (екі) емес, 1 (бір) бірлігін ғана бірлігін мәлімдеген дәлелдері қаралған жоқ, себебі аталған әлеуетті өнім беруші бұл дәлелдер бойынша конкурсқа қатысудан бас тартылған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, "AYAN B HOLDING" ЖШС-нің шағымы ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою жөнінде шаралар қабылдауы және Заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін келтіруі қажет.

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 207-бабы ескертпелерінің 2-тармағына сәйкес, лауазымды адам камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бақылау объектісіне табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жойған жағдайда, осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (әрі қарай - Заң) 25-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

Бұл ретте, Заңның 25-бабының 6-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **Г. Мульдеков**

Орын.: А. Курманалиева
Тел.: 45 00 40